**БЕКІТЕМІН**
**«Qazcontent» АҚ**
**Басқарма төрағасы**
**«______» А.З.Задабек**

# Мемлекеттік қолдау шаралары мен бастамаларын түсіндіруге арналған жобаны жасау және орналастыру қызметтеріне техникалық ерекшелік

## ҚЫЗМЕТТЕРГЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

**Қызметтердің қысқаша сипаттамасы:**
Жоба мемлекеттік қолдау шаралары мен бастамаларын түсіндіруге арналған.
Тақырыптық бағыт: Қазақстандағы отандық өндірістерді ақпараттандыру және кеңінен насихаттау

**Саны және хронометражы:**
Мультимедиалық контенттің жалпы көлемі 30 бейнематериал
Бір бейнебағдарламаның хронометражы – кемінде 20 минут.
Тілі – қазақ және орыс тілінде.

**Бейне контентке (материалдарға) қойылатын негізгі талаптар:**
1) материалда тақырыптар, титрлер және графикалық эффекттер болуы керек;
2) жобаны іске асыру шеңберінде дәйекті ақпаратты (фактілерді және/немесе сандарды және/немесе болжамдарды) қамтитын бейнеконтентті (материалдарды) дайындау;
3) Тапсырыс берушіде жоба іске асырылатын тақырыптар тізімін дайындау және жұмыс тәртібінде бекіту;
4) сапалы видео болуы керек;
5) бірегей және бұрын жарияланбаған болуы тиіс;
6) әлеуметтік желілерде орналастыру үшін әр бағдарламадан 2 бейне кескін дайындау. Бір бейне кескіннің хронометражы - кемінде 40 секунд, ажыратымдылығы кемінде 720px болатын 9×16 формат;
7) Отандық тауар өндірушілерді, кәсіпорындарды, зауыттарды және өндірістік нысандарды кеңінен насихаттау міндетті;
8) Әр бейнежазба инфографикамен немесе графикалық дизайнмен толықтырылуы тиіс;
9) Қазақ тіліне субтитрмен қамтамасыз етілуі міндетті.

**Түсірілімге қойылатын талаптар:**

1) Бейнематериалдардың жоғары көркемдік деңгейін және бейнелеу шешімін, сондай-ақ кескіннің техникалық сапасын қамтамасыз ету;
2) Жоғары сапалы дыбыс;
3) Репортаждық сипаттағы түсірілім болуы қажет.

**Контентті орналастыру талаптары**
1) Орындаушының немесе Қоғамның Youtube бейнехостингіндегі аккаунтына орналастыру
2) YouTobe арнасында кемінде 50 000 жазулушы болуы қажет;
3) Әрбір бейнежазба кемінде 10 000 қаралым жинауы тиіс.

**Ілгерілету талаптары**

1. Әр бейнебағдарламаның анонсы кемінде 2 түрлі әлеуметтік желіде және мессенджерде жариялануы қажет. (Facebook, Instagram, TikTok,Telegram);
2. Анонстар келесі шарттарға сай парақшаларда жариялануы тиіс:

- Instagram – кемінде 50 000 жазылушы;
- Facebook – кемінде 20 000 жазылушы;
- TikTok – кемінде 50 000 жазылушы;
- Telegram – кемінде 4 000 жазылушы;

3. Әр бейнежазбаның анонсы жоғарыда аталған әлеуметтік желілердің немесе мессенджерлердің кемінде үш түрлі парақшасында орналастырылу қажет.